

**2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру үшін қарыз беруші банкті белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 492 қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 ақпандағы N 191 қаулысына сәйкес 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру үшін "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамы қарыз беруші банк болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*